

## "Атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды есептеу әдістемесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 58 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 19 ақпанда № 9168 тіркелді

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 114-бабының 6-тармағына және «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті (Ж.Б. Ешмағамбетовке) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны күнтізбелік он күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары Э. Әзімоваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

Әділет

министрінің

2014

жылғы

13

ақпандағы

№ 58

бұйрығымен

бекітілді

## Атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды есептеу әдістемесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 114-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды анықтау үшін

қ о л д а н ы л а д ы .

2. Атқарушылық іс жүргізу шығыстары оларды ұйымдастыруға және өткізуге жұмсалған бюджеттік қаражат, сот орындаушысы орындау процесінде атқарушылық іс жүргізу тараптарының, өзге адамдар мен ұйымдардың қаражаты болып табылады.

## **2. Атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстардың түрі**

3. Атқарушылық іс-әрекеттерді жасау шығыстарына:

- 1) борышкердің мүлкін анықтауға, қарап тексеруге, бағалауға;
- 2) борышкердің мүлкіне тізімдеме жасау мен тыйым салуды ұйымдастыруға және өткізуге, осы мүлікті тасымалдауға және сақтауға;
- 3) тыйым салынған мүлікті өткізуді ұйымдастыруға;
- 4) белгіленген тәртіппен атқарушылық іс-әрекеттер жасауға тартылған аудармашыларға, мамандарға және басқа да адамдарға ақы төлеуге;
- 5) өндіріп алынған сомаларды өндіріп алушыға пошта арқылы аударуға (жіберуге);
- 6) өндіріп алынған соманы қолма-қол ақшаны бақылау шотынан және ағымдағы шоттан беруге байланысты банк шығыстарына;
- 7) борышкерді іздестіруге;
- 8) өндіріп алушының аванстық жарнасына;
- 9) атқарушылық іс-әрекеттерді жасау кезінде сот орындаушысының қалалық, қала маңындағы және жергілікті қатынастағы (таксиден басқа) қоғамдық көліктің барлық түрлерінде жол жүруіне, оның ішінде жеке сот орындаушысының іссапар шығыстарын төлеуге ;
- 10) атқарушылық құжатты орындау процесіндегі басқа да қажетті іс-әрекеттерге;
- 11) сот орындаушысы орындау процесінде тартқан адамдардың өзге де сыйақыларына жұмсалған қаражат жатады.

## **3. Атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстарды есептеу**

4. Сот орындаушысы мынаны есептейді:

- 1) атқарушылық іс жүргізу бойынша хаттарды (хабарламаментапсырысты) және телеграммаларды жіберу кезінде келтірілген шығыстар;
- 2) атқарушылық іс-әрекеттерді жасау орнына сот орындаушысының қалалық, қала маңындағы, жергілікті қатынастағы (таксиден басқа) қоғамдық көліктің барлық түрлерінде жол жүру құны, оның ішінде сот орындаушыларының іссапар шығыстарын төлеу :

атқарушылық іс-әрекеттерді жасау орнына жол жүру құны (жол жүру құжаттарын ресімдеу бойынша көрсетілетін қызметтер төлемі, поездарда төсек жабдықтарын қолдану шығыстарымен қоса) жол жүру құжаттарымен расталған нақты шығыстардың мөлшерінде жүзеге асырылады, бірақ:

теміржол көлігі - жылдам фирмалық поезддің купе вагонында;  
су көлігімен - тұрақты көлік желісі теңіз кемелерінің және жолаушыларға кешенді қызмет көрсету желісінің V топтағы каютасында, барлық қатынас желісі өзен кемесінің II санаттағы каютасында, паромдық өткізу кемесінің I санаттағы каютасында;  
әуе көлігімен - экономикалық класстағы салонда;  
автомобиль көлігімен - ортақ қолданыстағы автокөлік құралында (таксиден басқа)

ж о л ж ү р у қ ұ н ы н а н ж о ғ а р ы е м е с .

3) борышкердің мүлкін бағалау бойынша шығыстар;

4) шақыртылған мамандардың көрсеткен қызметтерінің құны;

5) борышкердің мүлкін жеткізу (тасымалдау) құны;

6) борышкердің мүлкін сақтау бойынша шығыстар;

7) бұқаралық ақпарат құралындарында алдағы аукцион туралы хабарлама құны;

8) мүлікті өткізу бойынша сауда-саттықты ұйымдастыруға жұмсалған сомалар;

9) өндірілген сомаларды өндіріп алушыға пошта арқылы аудару (жіберу) төлеміне

ж ұ м с а л ғ а н с о м а л а р ;

10) қолма-қол ақшаны бақылау шотынан және ағымдағы шоттан өндірілген сомаларды беруге байланысты банк шығыстарын төлеу үшін жұмсалған  
с о м а л а р ;

11) борышкерді іздестіруді жүзеге асыратын органдардың шығыстары;

12) атқарушылық іс-әрекеттерді жасауға жұмсалған өзге шығыстар;

13) өндіріп алушы мен жеке сот орындаушысы арасында қол жеткізілген аванстық шарттарға сәйкес жеке сот орындаушысының атқарушылық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті ағымдағы шотына өндіріп алушы енгізген сомалар.

5. Шығыстар нақты жұмсалған сомаларға байланысты және оларды жинақтау  
а р қ ы л ы е с е п т е л е д і .

6. Атқарушылық іс жүргізу бойынша шығыстар есебі атқарушылық іс-әрекеттерді жасау бойынша шығыстардың туындауы туралы растайтын құжаттардың негізінде  
ж ү р г і з і л е д і .

7. Шығыстардың туындау фактісін растайтын құжаттар төлем тапсырмалары, түбіртектер, атқарылған жұмыс актілері және тиісті қызметтерді көрсетуге арналған шарттарда көрсетілген басқа да сомалар және төлем құжаттары болып табылады.